

Бекітемін
КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай
балалар бақшасы меңгерушісінің
у.м.а *А.Каламбаева* А.Каламбаева



КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай балалар бақшасы педагогикалық кеңесінің
отырысы 2024-2025 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1. Пед кеңес	Тамыз	
	«Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары» Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру» Күн тәртібі: 1. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру 2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту 3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту; 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту. 5. Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» Педагогтардың топтарға бекітілуі, лауазымдық міндеттері, ішкі еңбек тәртібі;		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
2	№2 Пед кеңес	Қараша	

	Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз» Мақсаты: қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру 1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 2. «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар туғызу»- тақырыбында баяндама. 3. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» 4. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда.....» - педагогикалық пікірталас 5. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі» 6. «Спорт және экология» шеберлік сағаты		Әдіскер Тәрбиешілер Психолог Медбике
3	№3 Пед кеңес	Қантар	
	Тақырыбы: «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық» 1.№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп. 2.Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыру бойынша есебі 3.«Әжелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. 4.«Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. 5.«Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. №3 педагогикалық кеңестің шешімі		Меңгеруші Әдіскер Психолог Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
4	№ 4 Пед кеңес		

	Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері» 1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. 3. Экологиялық мерекелер. 4. Экологиялық ойындар. Дене шынықтыру нұсқаушысы: 5. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. 6. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. 7. №4 педкеңес шешімі	Наурыз	Әдіскер Психолог Музыка жетекшісі Тәрбиешілер
5	№ 5 Пед кеңес	Мамыр	
	Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу 1. №4 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Оқу тәрбие процесінің жылдық қорытындысы 3. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру 4. Мектепке дейінгі ұйымдарда таңғы жаттығуларды бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда серуенді бақылау парағы, Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.		Әдіскер Психолог Музыка жетекшісі Тәрбиешілер

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

Тақырыбы «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру. Тамыз кеңесі материалдарымен таныстыру.

Өткізген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Қатысқан: 12 педагог

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай меңгерушісінің у.м.а А.Каламбаеваның алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру.
2. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту
4. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту:
 - жылдық мақсат пен міндеттерді;
 - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту;
 - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі;
 - перспективалық жұмыс жоспарлары;
 - күн тәртібі кестесін бекіту;
5. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту.
6. Тренинг «Өзіне деген сенімділікті арттыру» психолог А.Орақова.
7. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №1 педкеңесі дәстүрден тыс тәсілде өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісінің м.а А.Каламбаева сөз алды. Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына толағай табыстар тіледі. 2023-2024 оқу жылына қорытынды жасалынып, жасалған жұмыстардың нәтижесін атап өтті. Тәрбиеленушілердің мониторингісіне тоқталып, балалардың коммуникативтік білім дағдыларын дамыту бойынша іс-әрекеттерді көбейтуді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Каламбаева білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстырды. Биылғы бағдарлама жоспары бойынша «DIGITAL KAZAKHSTAN: Заманауи білім беру» бағыты негізінде балалар мен педагогтарды жасанды интеллект түрлерімен таныстыруды бастайтынын айтты және кешенді жұмыстар басталатынын жеткізді. 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру жүргізді. Презентацияда әр бөлім бойынша өзгерістер толықтай айтылды. Жаңа оқу жылы жасанды интеллект технологияларын меңгеру жылы болатынын ескертті, онымен қоса балаларға экологиялық білім беру, қауіпсіздік туралы нұсқаулықтар жан-жақты түсіндірілді. 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдама бойынша «Біртұтас тәрбие» бағытында кешенді бағдарлама аясында жұмыс жасалатынын айтып, дамытушы орталықтарды

кеңейтуді ескертті. Балаларға арналған ұлттық бұрышта арнайы қамшы өру, шаш өру бұрыштарын және балаларға арнайы жайлы демалыс орны болуы керектігін де атап өтті. Тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берілді, нұсқаулық бойынша аналар, әжеселер, әкелер мектебі бойынша кешенді жұмыстар жалғасатынын да айта кетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру – шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын қорытындылады. Жазғы сауықтыру кезеңінде үш кезекші топ жұмыс жасады, әр апта сайын ауданға есеп жіберіліп отырды. «Құрметті педагог, сіз үшін жазғы сауықтыру кезеңі қалай өтті?» тақырыбында жасанды интеллект көмегімен қорытынды жасасақ. Сіз өз сипаттамаңыз бойынша нейрозселі көмегімен сурет саласыз, салынған суретке түсіндірме жасалды.

Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылы шыққан әдістемелік нұсқаулық хат негізінде мерекелік іс-шаралар талқыланды. Жаңа оқу жылындағы өзгерістер айтылды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Барлық топтарға ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, перспективалық жоспарлары, таңғы жаттығу және әнұран айту кестесі, күн тәртібі кестесін бекітіліп, таратылды.

Бесінші мәселе бойынша күзгі аттестациядан өтетін педагогтардың тізімі анықталды, портфолио мен тестілеуге дайындықты бастауды тапсырды.

Алтыншы мәселе бойынша бөбекжай психологы А.Орақова педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа оқу жылына мотивациялық «Өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг өткізді. Барлық педагогтар қызығушылықпен қатынасты. Жаңа оқу жылына әр педагог өзінше серпін алды, тренинг барлық педагогтың көңілінен шықты.

Ішкі тәртіп ережелерін қайта айтып меңгеруші педагогтарға жұмысқа кешікпеулерін және ата-аналар жиналысын өткізу қажеттігін атап өтті. Әрбір іс-әрекеттерде ата-аналармен тығыз байланыста болуларын ескертті. Балалардың тазалығы мен төлемақысын қадағалауды тапсырды.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Шешімдер:

1. Қауіпсіздік талаптары әдістемелік нұсқаулық талаптарына сай сақталсын.
2. Перспективалық жоспарлар бекітілсін.
3. Ішкі тәртіп толықтай сақталсын, жұмысқа уақытылы келсін.
4. Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
5. Білім беру-тәрбиелеу процестеріне ата-аналар тартылсын. Ашық есік күндері ұйымдастырылсын.
6. Жасанды интеллект технологияларын меңгеру бойынша педагогтар арасында жиі шеберлік сағаттары өткізілсін.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

А.Каламбаева
А.Орақова

А.Каламбаева

А.Орақова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз»

Мақсаты: қауіпсіздік ережелеріне сүйене отырып, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру

Өткізген күні: 26 қараша 2024 жыл

Қатысқан: 11 педагог

Қатыспаған: 1 педагог

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама. Медбике У.Сисенова
3. «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» - психолог А.Орақова.
4. «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда.....» - педагогикалық пікірталас
5. «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі»- А.Аманқосова
6. «Спорт және экология» шеберлік сағаты Г.Нуркалиева

2024-2025 оқу жылының №2 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісінің м.а А.Каламбаева сөз алды. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді.

Екінші мәселе бойынша медбике У.Сисенова «Бөбекжайда балалардың дене бітімінің жан жақты дамуына жағдайлар тудызу»- тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында бала денсаулығын көтеру барысында бөбекжайдың негізгі міндеттеріне тоқталды. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіс.

Үшінші мәселе бойынша психолог А.Орақова «Баланың сөйлеу тілін дамытатын жаттығулар» тақырыбында тілдік жаттығулар жасатты. Дыбыстарды дұрыс айта алмайтын балаларға тоқталып, дыбыстарды дұрыс шығару жаттығуларын көрсетті, жаттығу барысында педагогтар дыбыстарды дұрыс шығаруды үйренді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың денсаулығы бүгінгі таңда...» тақырыбында педагогикалық пікірталасты әдіскер өткізді. Баланың денсаулығының бүгінгі күннің өзекті екеніне тоқталып, XMIND картасында бала денсаулығының төмендігі мен жақсы екенін екі картаға толтырды.

Бесінші мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы А.Аманқосова «Балалар дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ойынның атқаратын рөлі» тақырыбында педагогтармен қызықты ойындар ойнады. «Бестемше» ойынын үлкен көлемде топпен ойнаудың қыр-сырын үйретті. Сонымен қатар, шар арқылы дене бітімінің

қалыптасуына байланысты доптармен ойындар ойнатты. Шатшаңдық пен ұқыптылыққа үйретіп қоймай, дене бітімінің шымырлығына алып келетін ойындарды көрсетті. Шеберлік сағатынан соң педагогтар ерекше әсерленді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші Г.Нуркалиева «Спорт және экология» шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағат барысында қажетсіз, қоқыстарға екінші өмір сыйлауды үйретті. Түрлі үлкен көлемдегі моншақтардан, есепшоттардың моншақтарынан, жіптерден, киндер ойыншығының жұмыртқаларынан, басқа да түрлі қоқыс түрлерінен спорттық жаттығуларға қажетті құралдар жасауды көрсетті. Педагогтар берілген құралдарды пайдаланып өздері жасауды үйренді.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер А.Каламбаева топтарды заттық дамытушы орталықтарға бөліну бойынша кеңестер берілді. Бөбекжай меңгерушісінің м.а А.Каламбаева ішкі тәртіп пен 2023-2024 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, тегін тамақтанатын балалардың табельдерін қатесіз толтыруды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№2 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Топтарда дамытушы орталықтар толықтырылсын.
2. Жұмысқа уақытында келсін, ішкі тәртіп сақталсын.
3. Бала денсаулығын нығайту үшін жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Бала денсаулығын нығайтуда тәрбиеші, психолог, медбике, әдіскердің жоспары бойынша бірлесе жұмыс атқарсын.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

Хатшы
Орақова

А.Каламбаева

А.Орақова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Бөбекжас мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»

Мақсаты: Бөбекжас мен ата-аналар арасында өзара ынтымақтастық орнату және нығайту. Ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді түрде тарту.

Балалардың дамуына ата-аналардың ролін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді талқылау және қолдану. «Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» аясындағы жұмыстарды жетілдіру. Ата-аналармен қарым-қатынасты заманауи әдістер арқылы тиімді ұйымдастыру.

Өткізген күні: 29 қаңтар 2025 жыл

Қатысқан: 11 педагог

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыру бойынша есеп
3. «Әжселер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: А.Асқарова
4. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Г.Берікова
5. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: С.Айтмағанбетова
6. №3 педагогикалық кеңестің шешімі.

Бірінші мәселе бойынша бөбекжас меңгерушісінің у.м.а А.У. Каламбаева сөз алды. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Атап айтқанда:

- 1.Топтардағы дамытушы орталықтар толықтырылсын.
- 2.Бала денсаулығын нығайту үшін жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін
- 3.Бала денсаулығын нығайтуда тәрбиеші, психолог, медбике, әдіскердің жоспары бойынша бірлесе жұмыс атқарсын.

Аталған қаулы бойынша жұмыстардың орындалуына оң баға берілді.

Қорытынды: Шешімдер толық көлемде орындалды. Жаңа жоспарлар жасау қажеттілігі атап өтілді.

2-ші мәселе бойынша музыка жетекшісі А.Тынысбаева Мектепке дейінгі ұйымдарда 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында ұйымдастырылған мерекелік шаралар балалардың шығармашылық қабілеттерін, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын дамыту, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылды. Педагогикалық ұжым іс-шараларға белсенді қатысты, балаларды дайындау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді деді. Балалар барлық шараларда белсенділік танытып, өз өнерлерін көрсеткенін, кейбір шараларда ата-аналар белсенді қатысты, бірақ барлық іс-шараларға қатысу деңгейі әртүрлі болды. Балалардың ұлттық құндылықтарды шығармашылық пен зейінді дамыту барысында Отбасы күніне орай «Мен және менің отбасым» атты сурет байқауы, «25-қазан

Республика күні», «Алтын күз» көрме, «Тәуелсіздік тұғырым» ҰӘІ, Ашық есік күні, «Қош келдің Жаңа жыл!» ертеңгіліктері ұйымдастырылғанын атап өтті.

3. «Әжселер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші А.Асқарова әжселерді балабақшаның тәрбие жұмысына тарту үшін қолданылған әдістерімен бөлісті. Шеберлік сағатында әжселердің баламен қарым-қатынасын нығайтудың заманауи тәсілдері ұсынылды.

Қорытынды: Шеберлік сағаты барысында әжселер тарапынан жоғары қызығушылық байқалды. Қосымша семинарлар ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізілді.

4. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші Г.Берікова әкелердің балалар тәрбиесіндегі рөлін арттыру бойынша тәжірибесін таныстырды. Әкелерге арналған шығармашылық және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қорытынды: Әкелерді тәрбиелік жұмыстарға көбірек тарту үшін жаңа форматтағы шаралар енгізу ұсынылды.

5. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші С.Айтмағанбетова аналармен жүргізілген жұмыстардың тәжірибесін бөлісті. Балалардың эмоционалдық дамуына ананың ықпалы ерекше екені атап өтілді.

Қорытынды: Аналар мектебінің жұмысы тиімді жалғасуы үшін жоспарлы түрде шеберлік сағаттары мен семинарлар өткізу ұсынылды.

№3 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері толығымен орындалғаны назарға алынды.
2. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мақсатында:
 - Мерекелік шаралар талаптары сақтала отырып жоғары деңгейде өткізілсін.
 - «Әжселер мектебі» аясында қосымша шаралар ұйымдастырылсын.
 - «Әкелер мектебі» бағдарламасы жандандырылсын.
 - «Аналар мектебі» шеңберінде практикалық және шығармашылық шаралар өткізілсін.
3. Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда заманауи әдістерді қолдану ұсынылсын.
4. Ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар туралы есеп келесі педагогикалық кеңесте тыңдалсын.

Төрайымы:
Хатшы:

Жаппар
Орақова

А.Каламбаева
А.Орақова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасы мен табиғатқа деген жанаашырлық көзқарасын қалыптастыруда тиімді әдіс-тәсілдерді анықтау және тәжірибеде қолдану жолдарын жетілдіру; педагогтердің экологиялық тәрбие беру ісіндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру; отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып, тәрбиеленушілердің табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін дамыту.

Өткізген күні: 26 наурыз 2025 жыл

Қатысқан: 12 педагог

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер: А.Каламбаева
3. Экологиялық мерекелер. Музыка жетекшісі: А.Тынысбаева
4. Экологиялық ойындар. Дене шынықтыру нұсқаушысы: А.Аманқосова
5. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: С.Айтмағанбетова
6. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: А.Асқарова
7. №4 педкеңес шешімін шығару

Бөбекжай меңгерушісі №4 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №3 педагогикалық кеңес шешіміне тоқталып, оң бағасын берді.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

Баяндамашы: Әдіскер А.Каламбаева.

- Әдіскер экологиялық тәрбиенің маңыздылығын атап өтіп, мектепке дейінгі балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятудың негізгі әдіс-тәсілдері туралы баяндама жасады.
- Экологиялық білім беруде табиғи материалдарды пайдалану, бақылау, тәжірибелер жүргізу, әңгіме, сұрақ-жауап әдістерін қолданудың тиімділігі туралы ұсыныстар берілді.
- Педагогтарға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық тәрбиені ойын арқылы ұйымдастыру ұсынылды.

2. Экологиялық мерекелер

Баяндамашы: Музыка жетекшісі А.Тынысбаева

- экологиялық тақырыптағы мерекелерді ұйымдастырудың маңызын түсіндіріп, оларды өткізу формаларын атап өтті.
- «Құстар күні», «Ағаш отырғызу күні», «Су – тіршілік көзі», «Таза ауа – денсаулық кепілі» сияқты мерекелік іс-шаралар балалардың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталғаны айтылды.
- Мерекелердің балаларға танымдық әсері зор екендігі, табиғатқа деген ұқыптылық пен жанаашырлық сезімін тәрбиелейтіні аталып өтті.

3. Экологиялық ойындар

Дене шынықтыру нұсқаушысы А.Амақосова экологиялық тақырыпта қозғалыс ойындарын және дидактикалық ойындарды өткізудің әдістерімен бөлісті.

- «Табиғатты қорға», «Су тамшысы», «Орман достары», «Құстарға көмектесейік» ойындары көрсетіліп, балалардың экологиялық мінез-құлқын қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.
- Ойын арқылы балаларға табиғатты қорғау ережелерін үйрету, экологиялық дағдыларды дамыту жолдары ұсынылды.

4. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру

Баяндамашы: Тәрбиеші С.Айтмағанбетова

- С.Айтмағанбетова ата-аналардың балаларды табиғатты қорғауға үйретудегі рөлін атап өтті.
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың формалары: әңгіме, ата-аналар жиналысы, практикалық шеберлік сабақтары ұсынылды.
- Балабақша мен отбасының тығыз байланысы балалардың экологиялық тәрбиесін тиімді етуге ықпал ететіні көрсетілді.

5. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру

Тәрбиеші А.Асқарова

- А.Асқарова балалармен табиғат аясында экскурсиялар, бақылау жұмыстарын жүргізу арқылы экологиялық сананы қалыптастыру туралы баяндады.
- Балаларға «қоқыс тастамау», «ағаш сындырмау», «құстарға жем шашу» сынды нақты әрекеттерді үйрету қажеттілігі айтылды.
- Әр баланың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін ояту бағытында жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

Тыңдалды:

Барлық баяндамалар тыңдалып мен шеберлік сағаттар мен тәжірибе бөлісу өткізіліп, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер:

1. Педагогтерге мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.
2. Әдіскер А.Каламбаева 2025 жылдың соңына дейін экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік құрал дайындау тапсырылсын.
3. Тәрбиешілерге (А.Асқарова, С.Айтмағанбетова) балалармен және ата-аналармен экологиялық іс-шаралар ұйымдастыруды жалғастыру ұсынылсын.
4. Дене шынықтыру нұсқаушысы А.Аманқосоваға экологиялық ойындарды оқу іс-әрекеттеріне ендіру тапсырылсын.
5. Балабақша ауласында «Экологиялық бұрыш» ұйымдастыру жұмыстары қолға алынсын (жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер).

Төрайымы:

Хатшы:

Хатшы
Хатшы

А.Каламбаева

А.Орақова